

6

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Үшарал қаласы

«02» қыркүйек 2024 ж.

«Алақол көпсалалы колледжі» МКҚК атынан, колледж Жарғы негізінде әрекет етуші колледж директоры Садиева Айнагул Тезекбаевна, ары қарай «Бірінші тарап» деп аталатын және ЖК«Алан и К», Жарғы негізінде әрекет етуші директоры Климова Юлия Викторовна, ары қарай «Екінші тарап» деп аталатын, бірлесіп «Тараптар» деп аталып, білікті жұмысшы кадрлар мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандарын даярлау, сапасын арттыру, кәсіби кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру саласындағы тараптардың пікірлері мен мүдделерін ескере отырып, өзара түсіністікке қол жеткізді және төмендегілер туралы стратегиялық ынтымақтастық үшін тараптардың ниеттерін растайды.

1- бап

Үнтымақтастықтың мәні мен принциптері

1. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін келесі салаларда дамытуға жәрдемдесу:

- дуальды оқыту жүйесін енгізуде;
- Екінші тараптың өндірістік персоналын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласындағы ынтымақтастықта;
- Озық тәжірибемен алмасу жүйесін қалыптастыру, соңғы ғылыми, оқу және өндірістік жетістіктерді таратуда;
- Бірінші тараптың материалдық-техникалық базасын жаңартуда;
- инженер-педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда;
- білікті кадрларды даярлау мәселелері бойынша әлеуметтік серіктестікті дамытуда;
- білім алушылардың өндірістік практикасын, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан және тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруда және өткізуде;
- техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандықтарына сәйкес келетін біліктілік талаптарын әзірлеуде және жұмыс берушінің техникалық және қызмет көрсету еңбегі қызметкерлерінің кәсіптік даярлық сапасына өзгертін талаптарын ескере отырып, оларды одан әрі жетілдіруде;
- Бірінші тарапты заманауи жабдықтармен жарақтау және құрылыс мәселелері бойынша кеңес беруде;
- техникалық және кәсіптік білім беру және кадрларды даярлау жүйесін басқаруды жетілдіруде;
- еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының жіктеуішін жетілдіруде;
- техникалық және қызмет көрсету еңбегінің неғұрлым талап етілетін кәсіптерін (мамандықтарын) болжау мақсатында еңбек нарығына зерттеулер жүргізу бойынша бірлескен күш-жігерді жүзеге асыруда;
- техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктілік емтихандарын ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде оларды өткізу базаларын іздеу және таңдау.
- Тараптармен өзара айтылып және келісілген басқа салаларда да.

2-бап

Үнтымақтастықты жүзеге асыру

Осы Меморандумды жүзеге асыру жөніндегі атқарушы орган Тараптардың бірлескен кеңесінде құрылған жұмыс тобы болып табылады.

Осы Меморандумның 1-бабында айқындалған іс-шаралар мен қызмет бағыттарын орындау Меморандумның 3-бабына сәйкес жұмыс тобы әзірлеген, Тараптар келіскен және бекіткен, тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

3- бап

Жұмыс тобы

Жұмыс тобын құру үшін Тараптар жұмыс тобының мүшелері ретінде өкілдерді тағайындайды. Тағайындалған өкілдер іс-шаралар жоспарын әзірлеуге, өзара іс-қимыл тетігін айқындауға, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге, есептер, талдау мен ұсынымдар жасауға жауап береді.

Жұмыс тобы осы Меморандумның 1 -бабында белгіленген ынтымақтастық ауқымының орындалуына жауапты.

Жұмыс тобы осы Меморандумның 1-бабына сәйкес консультациялар өткізеді, іс- шаралар жоспарын белгілейді және айқындайды. Осы іс-шараларға қатысы бар мәселелерді талқылайды.

Жұмыс тобы отырыстардың келісілген кестесі бойынша жұмыс кездесулерін өткізеді.

Жұмыс тобының талқылауына шығарылатын негізгі мәселелерді Тараптар жұмыс тобының әрбір отырысының алдында айқындайды және келіседі.

4-бап

Өзгертулер және толықтырулар

Қажет болған жағдайда осы Меморандум Тараптардың өзара жазбаша келісімі арқылы өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

5-бап

Келіспеушіліктерді реттеу

Осы Меморандумға байланысты Тараптар арасындағы даулар Тараптар арасындағы консультациялар және/немесе келіссөздер жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талқылануға жатады.

6-бап

Әрекет ету мерзімі

Осы Меморандум оған екі Тараптың күзретті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жылға жасалады. Қолданылу мерзімі өткеннен кейін Меморандум Тараптардың жазбаша өзара келісімімен осындай кезеңге ұзартылуы мүмкін.

Осы Меморандумның қолданылуы Тараптардың бірі екінші Тараптың осы Меморандумды бұзу ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап 30 (отыз) күн өткен соң мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

7-бап

Басқа шарттар

Жеке деректердің құпиялығы және қорғалуы

- 7.1 Тараптар осы Меморандумға қатысты бір-біріне берген ақпарат, құжаттама және басқа ақпарат, олардың жазбаша түрде білдірілуіне немесе көрсетілмеуіне карамастан, құпия болып саналады және тек осы тұлғаларға байланысты өз міндеттемелерін орындау қажет болған жағдайда ғана үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін. осы Меморандумның қорытындысы. Құпия ақпарат қағаз түрінде, ауызша немесе электронды түрде берілуі мүмкін және мыналарды қамтиды:
- 7.1.1 Тараптардың қаржылық немесе экономикалық қызметіне байланысты жағдайлар;
- 7.1.2 осы Меморандумға қол қоюға және оны орындауға қатысатын Тараптар мен лауазымды адамдар туралы мәліметтер, олардың жеке деректерін қоса;
- 7.1.3 тікелей немесе сыртынан келгендігіне карамастан, «меншік» немесе «құпия» деп белгіленген кез келген басқа ақпарат.
- 7.2 Тараптар құпия ақпаратты толық немесе ішінара жария етпеу үшін барлық қажетті және негізделген шараларды қабылдауға міндетті. Бұл тармақ осы Меморандумның мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде жарамды болады.
- 7.3 Тараптардың әрқайсысы осы Меморандумға сәйкес олар алған немесе оларға ашылған кез келген жеке деректерге қатысты кез-келген Тарап қызметкерлерінің жеке өміріне және жеке деректерін қорғауға қатысты барлық қолданыстағы заңдар бойынша өз міндеттемелерін орындауға келіседі.




8-бап

Басқа шарттар

- 8.1 Осы Меморандумда айқындалған барлық бірлескен іс-шаралар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
- 8.2 Осы Меморандумның 1-бабына сәйкес жасалатын барлық бірлескен іс-қимылдар тараптарда қорлардың және басқа ресурстардың болуымен айқындалады. Бірлескен іс-шараларға арналған шығыстар Тараптар арасында өзара келісім бойынша бөлінеді.
- 8.3 Осы Меморандумның бұзылуы Тараптармен келісілген және бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылып жатқан бірлескен қызметке әсер етпейді.
- 8.4 Осы Меморандум бірдей күші бар екі түпнұсқа данада жасалды.
- 8.5 Осы Меморандум Тараптар үшін қаржылық міндеттемелер мен заңды салдарларды көтермейді.

9-бап

Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары

Білім беру мекемесінің атауы	Кәсіпорын
<p>«Алақөл көпсалалы колледжі» МКҚК Мекен-жайы: ҚР, Жетісу облысы, Үшарал қ-сы, Дулепов к-сі, 18 үй БИН 921140000354 ЖСК KZ 706017311000000364 БСК HSBKKZKX АҚ «Халық банкі» Тел: 8 (72833) 2-44-61, факс: 8 (72833) 2-44-61 эл. пошта: Agtk.usharal@bk.ru</p> <p>Директор  Садиева А.Т.</p> 	<p>ИП «Алан и К» Мекен-жайы: Үшарал қ-сы, Қабанбай к-сі, №108 Тел: 87712510159 ИИК БИН 831229400671 БИК АВКЗКЗКХ ЖШС ЖШС KZ 22UWQ03443488 АҚ «Халық банкі»</p> <p>Директор  Климова Ю.В.</p> 